

## Әскери оқу орындары мен әскери кафедралардағы оқу-материалдық базаны ұйымдастыру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 2 тамыздағы № 411 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 қыркүйекте № 15641 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 26-20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 29.01.2024 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Әскери оқу орындары мен әскери кафедралардағы оқу-материалдық базаны ұйымдастыру және пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Білім және ғылым департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі<sup>1</sup>  
генерал-полковник

C. Жасұзаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

\_\_\_\_\_ Е. Сағадиев

2017 жылғы 7 тамыз

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2017 жылғы 2 тамыздағы  
№ 411 бұйрығымен  
бекітілді

## Әскери оқу орындары мен әскери кафедралардағы оқу-материалдық базаны үйымдастыру және пайдалану қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 29.01.2024 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Әскери оқу орындары мен әскери кафедралардағы оқу-материалдық базаны үйымдастыру және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және әскери оқу орындары мен әскери кафедралардағы оқу-материалдық базаны үйымдастыру және пайдалану тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 29.01.2024 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Әскери оқу орындарының және әскери кафедралардың оқу-материалдық базасы – әскери оқу орындарына және әскери кафедраларға жүктелген міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге арналған жергілікті жер участкілері, ғимараттардың, құрылыштардың, үй-жайлардың, материалдық және техникалық құралдардың жиынтығы.

3. Оқу-материалдық база білім алушылармен барлық оқу-тәрбие процесін үйымдастыру мен өткізу дің материалдық негізі болып табылады және қазіргі заманғы ғылым мен техниканың дамуына сәйкес болуға тиіс.

4. Оқу-материалдың база білім алушыларды оқытудың маңсаттары мен мазмұнына жауап береді, сабактарды, өзіндік жұмыстарды сапалы өткізуді қамтамасыз етеді. Оқу дәрісханаларының саны және сыймдылығы ағымдар бойынша дәрістерді оқуды, барлық оқу топтары үшін сабактардың барлық түрлерін өткізуді қамтамасыз етеді.

5. Әскери оқу орындарының және әскери кафедралардың оқу-процесін үйімдастыру үшін қажет болған кезде әскери бөлімдер командирлерімен келісе отырып, әскери бөлімдердің оқу-материалдың базасы пайдаланылады.

## **2-тaraу. Әскери оқу орындарының және әскери кафедралардың оқу-материалдың базасын үйімдастыру және пайдалану тәртібі**

6. Әскери оқу орындарының және әскери кафедралардың оқу-материалдың базасы мынадай болып бөлінеді:

1) оқу-зертханалық база, ол дәрісхананы (дәріс залын), сыныпты, кабинетті, зертхананы, кітапхананы, оқу залын, курстық және дипломдық жобалау залын, оқытушылар бөлмесін, зертханашылар бөлмесін, ақпараттық (мультименеджмент, интерактивті) және есептеу техникасымен, зертханалық жабдықпен және қондырығышмен, техникалық оқыту және бақылау құралымен, жабдықпен және көрнекі құралмен жабдықталған оқу және оқу-қосалқы үй-жайын қамтиды;

2) далалық оқу-жаттығу базасы (әуеде, теңізде машиқтануға арналған база), ол онда орналасқан жауынгерлік даярлық объектісі (кешені) бар және қару-жарапен, әскери техникамен, байланыс, басқару және бақылау құралымен қамтамасыз етілген полигонды, оқу-жаттығу орталығын, әуеайлақты, лагерді қамтиды;

3) спорттық база, ол білім алушылармен оқу-жаттықтыру процесін қамтамасыз етуге арналған спорттық құрылышты және дене шынықтыру дайындығы мен спорттық-бұқаралық жұмысты өткізуге арналған орынды қамтиды;

4) тренажерлік база, ол тренажерлік, оқу-жаттығу қару-жарапымен және әскери техникамен жарақталған оқу-жаттықтыру, пайдалану кешенін, жүйесін, оқу-жаттығу командалық пунктін, оқу-жаттығу басқару пунктін қамтиды;

5) жалпыәскери даярлықта арналған база, ол жалпыәскери даярлық бойынша саптық плацты, қарауылдық кешені (қалашықты), тирді және жалпыәскери даярлық объектісін қамтиды;

6) әскери техника, ол Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары жарақталатын жауынгерлік машинаны, аспапты, техникалық құралды қамтиды;

7) қару-жарап, ол әртүрлі қару, оқ-дәрі түрінің кешенін, оны жеткізгішті және қолданылуын қамтамасыз ететін құралды қамтиды;

8) ақпараттық қамтамасыз ету құралдары, ол электрондық басылымды, компьютерлік бағдарламаны, цифровық білім беру ресурсын, кино, фото, бейнематериалды қоса алғанда, оқулықты, оқу-әдістемелік материалды, ғылыми және

анықтамалық әдебиетті, қағидаларды, тәлімдемелерді, нұсқауларды, оқ ату және жүргізу курсын, ақпараттық стенділер мен плакаттарды, нормативтік құжаттарды қамтиды;

9) оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету объектісі, ол оқу-жаттығу-өндірістік шеберхананы, баспахананы (редакциялық-баспа немесе көшіру-көбейту орталығын, қойманы, ғылыми-зерттеу зертханасын, есептеу орталығын) қамтиды.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 29.01.2024 № 65 (алғашқы реңи жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Эскери оқу орнында және Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының эскери кафедрасында оқу процесін сапалы ұйымдастыру мақсатында жыл сайын жоспарлау кезеңінде бірлесе пайдалану үшін қажетті оқу-материалдық база тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) әзірленеді.

8. Тізбе осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады және оны оқу-материалдық база балансында түрған эскери оқу орнының және/немесе эскери кафедраның бастығы және/немесе әскери бөлім командирі келіседі және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне жолданады.

9. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Тізбені зерделейді және оқу жылы басталғанға дейін бір ай бұрын қолда бар оқу-материалдық базаны әскери оқу орындары мен әскери кафедралардың және әскери бөлімдердің бірлесе пайдалану жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) жасайды.

10. Жоспарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің бас қолбасшыларымен келісілгеннен кейін оқу жылы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы бекітеді және бағынысты құрылымдық бөлімдер мен бөлімшелерге дейін жеткізіледі.

11. Эскери оқу орындары мен әскери кафедралардың оқу-материалдық базасы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға қатаң сәйкестікте пайдаланылады.

12. Оқу-материалдық базаға жоспарлы техникалық қызмет көрсету оқу-материалдық базаны тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін жүйелілікпен табиғи-климаттық жағдайларды, техникалық жай-күйді және пайдалану режимін ескере отырып ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Эскери оқу орындарының және әскери  
кафедралардың оқу-материалдық  
базасын  
ұйымдастыру және оны пайдалану  
қағидаларына  
қосымша

**Бірлесе пайдалану үшін қажетті оқу-материалдық база тізбесі**

№ Р/с №	Оқу-материал дық базаның атауы	Оқу-материал дық базаның саны	Білім алушылардың саны	Жұмыс (оку) орындарының саны	Професорлы к-оқытушыла р құрамының және нұсқаушылар дың қажетті саны (қажет болған жағдайда толтырылады)	Ескертпе
11.	Атыс тири	1	40	3		
22.	М Т тапаншасы	6	40	6		

**Білім беру үйымының басшысы (бастығы)**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК